
	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017 - 12.03-2023 13.10.2023 ж.
	<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі	Бет 1-7



**«Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы»
 Республикалық мемлекеттік мекемесі
 «ЖАС ЕКПІН»
 жас өнерпаздар республикалық конкурсының
 ЕРЕЖЕСІ**

Алматы 2023 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017 - 12.03-2023 13.10.2023 ж.
	Ереже Нормативтік құжат түрі	Бет 2-7

«Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы»
РММ ректоры у.м.а Ш.К. Ердобек

«10» желтоқсан 2023 ж.

«Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы»
Республикалық мемлекеттік мекемесі
«ЖАС ЕКПІН»
жас өнерпаздар республикалық конкурсының
ЕРЕЖЕСІ

Өтетін уақыты:

1 – ші кезең 5 ақпан – 3 наурыз аралығы (онлайн форматта)

2 – ші кезең 14-15 наурыз (офлайн форматта)


Ұйымдастырушы: Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасы

1. БАЙҚАУ МАҚСАТЫ

Ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа аманат мұра болып жеткен халқымыздың дәстүрлі ән-күй саласындағы асыл қазынасын жан-жақты насихаттау, халық композиторларының ән-күйлерін жас ұрпақтың санасына сіңіріп, бүгінгі күннің талабына сай тәрбиелеу. Қазақ халқының әншілік-күйшілік дәстүрін (мектебін), орындаушылық ерекшеліктерін дәріптеп отырып, жас таланттарды іздеп табу, болашақ ұрпақтың бойында туған елдің өнеріне, өткеніне деген құрмет, сезімін қалыптастыру болмақ. Осы конкурстың басты мақсаты дәстүрлі музыкалық өнер саласында жүрген жас дарынды анықтап бағыт-бағдар көрсету, шығармашылығына жол ашу.

2. БАЙҚАУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ

- Байқауға музыкалық орта оқу орындарының 3-4 курс студенттері мен арнайы мамандандырылған музыка мектептерінің 11-12 сынып оқушылары қатыса алады. Байқау «Халық әні» (дәстүрлі орындаушылық), «Домбыра» және «Фольклорлық аспаптар» (қылқобыз, сыбызғы, жетіген, шертер,) номинациялары бойынша өтеді.
- Республикалық музыкалық орта оқу орындарының студенттері мен арнайы мамандандырылған дарынды балаларға арналған музыка мектептерінің конкурса қатысушы оқушыларының санына шектеу қойылмайды.
- Екінші кезеңге өткен қатысушылардың жол ақысы, жатын орны, тамақтану шығыны жіберуші жақтан ұйымдастырылады.
- Қазылар алқасының құрамы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының білікті оқытушыларынан құралады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017 - 12.03-2023
		13.10.2023 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Бет 3-7

Байқаудың жеңімпаздарын Қазылар алқасы құрамы анықтайды. Қазылар алқасының құрамы 7 адамнан тұрады. Қазыларға төраға жетекшілік етеді. Егер дауыс беру нәтижесі тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасының шешімі нақты және қайта қарауға жатпайды. Қазылар әр номинация бойынша лауреаттарды анықтайды. Алқа құрамы барлық жүлде орындарын тағайындамауға құқылы.

- Байқау жеңімпаздары: Бас жүлде және жүлделі 1,2,3 орындарды иеленеді. Әр номинация бойынша арнайы дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталады. Байқаудың Бас жүлде және бірінші орын иегерлері Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Дәстүрлі музыка өнері» мамандығы бойынша 2024-2025 оқу жылына талапкерлерді қабылдау кезеңінде шығармашылық емтихандарынан босатылады.
- Ұйымдастыру алқасы аудио және бейне жазба жасауға, оны коммерциялық мақсатта қосымша төлемсіз пайдалануға құқылы.

- **Байқаудың 1-ші кезеңі онлайн форматында өтеді.**

Байқауға қатысушы әрбір үміткер талапта көрсетілген бағдарламаға сәйкес әндерін немесе күйлерін сапалы видеоға алдын ала жазып, **наурыз айының 3-іне** дейін **Telegram желісіне** (+7747 790 7777 Муканов Жанат Канатович, +7747 465 2787 Картенбаева Қорлан Маратқызы) жіберілуі керек. **ЕСКЕРТУ:** Қатысушы видеожазба мен бірге аты-жөнін толық көрсетуі қажет. Өтінім парағында көрсетілген бағдарлама өзгертуге жатпайды.

Видеожазбалар Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының Facebook, Instagram, YouTube парақшаларында жарияланады.

1. «Халық әні» (дәстүрлі орындаушылық) номинациясы

1) Халық әні (өз таңдауы бойынша)

2) Халық композиторларының бір әні (Жетісу, Арқа, Батыс, Алтай-Тарбағатай, Сыр бойы әншілік дәстүрлері бойынша)

(Байқауға қатысушы әндерді жанды дауыста, домбыра, кобыз, жетіген, сырнай аспаптарының сүйемелдеуімен орындайды.)

2. «Домбыра» номинациясы

1) Төкпе дәстүрінен 1-күй (Батыс, Маңғыстау, Сыр өңірлерінің күйшілік дәстүрлері бойынша).


2) Шертпе дәстүрінен 1-күй (Жетісу, Арқа, Қаратау, Алтай-Тарбағатай күйшілік дәстүрлері бойынша)

3. «Фольклорлық аспаптар» номинациясы

1. Қылқобыз

1) Халық композиторларынан бір күй

2) Ықылас Дүкенұлы «Шыңырау» (Мәңгілік сарын күйтабағындағы нұсқасы).

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017 - 12.03-2023
		13.10.2023 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Бет 4-7

2. Сыбызғы

- 1) Халық күйлерінен бір күй
- 2) Халық композиторларынан бір күй

3. Жетіген

- 1) Халық күйлерінен бір күй
- 2) Халық композиторларынан бір күй

4. Шертер

- 1) Халық күйлерінен бір күй
- 2) Халық композиторларынан бір күй

• Байқаудың 2-ші кезеңі офлайн форматта өтеді.

Байқаудың екінші кезеңі Алматы қаласы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының **ОҚУ ТЕАТР** залында өтеді.

Екінші кезең талаптары:

«Халық әні» (дәстүрлі орындаушылық) номинациясы бойынша бірінші кезеңнен өткен үміткер:

1) Жәнібек Кәрменовтың репертуарынан бір ән (міндетті түрде)

2) халық әні немесе халық композиторларының әндерінен бір ән орындауы қажет.

«Домбыра» номинациясы бойынша бірінші кезеңнен өткен үміткер жоғары деңгейдегі шеберлік пен техникалық мүмкіндіктерді көрсете алатын:

1) Төкпе дәстүрінен 1-күй (Батыс, Маңғыстау, Сыр өңірлерінің күйшілік дәстүрлері бойынша.

2) Шертпе дәстүрінен 1-күй (Жетісу, Арқа, Қаратау, Алтай-Тарбағатай күйшілік дәстүрлері бойынша)


«Фольклорлық аспаптар» номинациясы бойынша бірінші кезеңнен өткен үміткер жоғары деңгейдегі шеберлік пен техникалық мүмкіндіктерді көрсететін халық күйі немесе халық композиторларынан **екі** күй орындауы қажет.

ЕСКЕРТУ: Бірінші кезеңде орындалған байқау бағдарламасы екінші кезеңде қайталанбауы керек. Өтінім парағында көрсетілген **бағдарлама өзгертуге жатпайды.**

Қатысу шарттары:

Байқауға қатысушы үміткердің **жеке куәлігінің көшірмесі** мен толтырылған **өтінім парағын**, dmo_2008@mail.ru почтасына, ал видеожазбаларды Telegram желісіне (+7747 790 7777 Муканов Жанат Канатович, +7747 465 2787 Картенбаева Қорлан Маратқызы) **2023 жылдың 3 наурыз айына дейін** жолдау керек.

Сұрақтар бойынша: +7747 790 7777 Муканов Жанат Канатович, +7747 465 2787 Картенбаева Қорлан Маратқызы. Инстаграм парақшасы: [@traditional_musical_art](https://www.instagram.com/traditional_musical_art)
электронды почта: dmo_2008@mail.ru

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ОНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017 - 12.03-2023
		13.10.2023 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Бет 5-7

Қосымша

«ЖАС ЕКПІН»

Республикалық байқауына қатысушының өтінім парағы

1. Аты - жөні (толық) _____

2. Оқу орынның толық атауы және ұстазының толық аты-жөні _____

3. Байланыс телефоны _____

4. Орындалатын шығармалардың аты және авторы

I – кезең


1) _____

2) _____


II – кезең

1) _____

2) _____

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	П 017 - 12.03-2023
		13.10.2023 ж.
Ереже Нормативтік құжат түрі		Бет 6-7

Өзірлеген:		
«Дәстүрлі музыкалық өнер кафедрасының» меңгерушісі		Бекмолдинов Н.С.
Келісілді:		
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры		Амирбеков Ш.А.
Көркемдік жетекші		Мухитденова Б.М.
Кәсіби бағдарлау жұмысы, Оқу-өндірістік практикасы және жас мамандарды орналастыру бөлімінің басшысы		Токеева А.Д.
Заң бөлімінің басшысы		Сеитбекова Г.Д.
Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы		Молдабаева А.Б.
«Музыкалық өнер» факультетінің деканы		Касимова З.М.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

П 017 - 12.03-2023
13.10.2023 ж.

Ереже
Нормативтік құжат түрі

Бет 7-7

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Бөлімше	Т.А.Ж.	Күні	Қолы
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				